

## ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

### **Іскерлік қатынастарды орнату, қолдау және тоқтату қағидасы**

#### **Бекітілді**

"Бағалы қағаздар орталық  
депозитарийі" АҚ Директорлар  
кеңесінің шешімімен

(2018 жылғы 11 желтоқсандағы  
сырттай дауыс берудің № 104 (ж)  
хаттамасы)

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	4
<b>1-тарау.</b>	<b>Жалпы ережелер</b>	<b>4</b>
1-бап.	Ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер, ауызша түсіндірмелер	4
2-бап.	Осы Қағиданың әрекетінің саласын шектеу	4
3-бап.	Іскерлік қатынастар мен шарттар туралы негізгі ережелер	5
<b>2-тарау.</b>	<b>Шартты жасау, өзгерту, бұзу</b>	<b>6</b>
<b>§ 1.</b>	<b>Шартты жасау</b>	<b>6</b>
4-бап.	Жалпы ережелер	6
5-бап.	Өтініш	7
6-бап.	Өтініштің қосымшасына жататын құжаттар	7
7-бап.	Өтінішті қарау	8
8-бап.	Өтінішке сәйкес шартты жасаудан Орталық депозитарийдің бас тартуы үшін негіздемелер	8
9-бап.	Құжаттарды айырбастау тәсілдері	9
<b>§ 2.</b>	<b>Шартты өзгерту</b>	<b>10</b>
10-бап.	Жалпы ережелер	10
11-бап.	Шарттың талаптарын өзгерту туралы хабарлама	11
<b>§ 3.</b>	<b>Шартты бұзу</b>	<b>12</b>
12-бап.	Жалпы ережелер	12
13-бап.	Шартты бұзу үшін негіздемелер	12
14-бап.	Шартты бұзу тәртібі	12
<b>3-тарау.</b>	<b>Орталық депозитарийдің және оның клиентінің міндеттері, құқықтары, жауапкершілігі</b>	<b>13</b>
<b>§ 1.</b>	<b>Орталық депозитарийдің және оның клиентінің міндеттері</b>	<b>13</b>
15-бап.	Орталық депозитарийдің міндеттері	13
16-бап.	Орталық депозитарий клиентінің міндеттері	14
<b>§ 2.</b>	<b>Орталық депозитарийдің және оның клиентінің құқықтары</b>	<b>14</b>
17-бап.	Орталық депозитарийдің жалпы құқықтары	14
18-бап.	Орталық депозитарийдің жеке құқықтары	15
19-бап.	Орталық депозитарийдің құқықтары шектеу	16
20-бап.	Орталық депозитарий клиентінің құқықтары	17
21-бап.	Орталық депозитарийдің клиентінің құқықтарын шектеулер	17
<b>§ 3.</b>	<b>Орталық депозитарийдің және оның клиентінің жауапкершілігі</b>	<b>18</b>
22-бап.	Орталық депозитарийдің жауапкершілігі	18
23-бап.	Орталық депозитарийдің жауапкершілігін шектеулер мен ерекшеліктері	18
24-бап.	Орталық депозитарий клиентінің жауапкершілігі	19

<b>4-тарау. Өзге ережелер</b>	<b>20</b>
25-бап. Іскерлік қатынастарды қолдау кезінде пайдаланылатын Орталық депозитарий туралы мәліметтерді өзекті ету	20
26-бап. Іскерлік қатынастарды қолдау кезінде пайдаланылатын Орталық депозитарийдің клиенті туралы мәліметтерді өзекті ету	22
27-бап. Шарттың қолданылу мерзімі	23
28-бап. Шарт бойынша қызметті көрсетуді тоқтата тұру мен жаңарту	23
29-бап. Дауларды шешу тәртібі	24
30-бап. Қорытынды ережелер	24
31-бап. Өтпелі ережелер	24

Осы Қағида Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әзірленді және қағидалар жинағына (бұдан әрі-Қағидалар жинағы) сәйкес қызметті Орталық депозитарийдің жүзеге асыруы барысында "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі-Орталық депозитарий) мен оның клиенттері арасында іскерлік қатынастарды орнату, қолдау мен тоқтату талаптарын және тәртібін анықтайды.

Осы Қағида Қағидалар жинағының құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылады.

## 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер, ауызша түсіндірмелер

1. Осы Қағидаларда Қазақстан Республикасы заңнамасымен және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына кіріспе" атты Орталық депозитарийдің ішкі құжатымен анықталған ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер пайдаланылады.
2. Осы Қағидаларда пайдаланылған өзге шартты (қысқартылған) белгілер келесіні білдіреді:

**"шарт"** – Қағидалар жинағына сәйкес қызметті Орталық депозитарийдің жүзеге асыруы кезінде Орталық депозитарий мен оның клиенті арасында жасалатын шарт (жасалуға болжанған, жасалған);

**"өтініш"** – іскерлік қатынастарды белгілеу үшін Орталық депозитарийге берілетін өтініш (берілуге жататын, берілген) (шартты жасау үшін);

**"өтініш беруші"** – өтінішті берген тұлға;

**"дәлелді бас тарту"** – өтініш берушіге бағытталған және осындай бас тартуды негіздеуді көрсетумен өтініш берушімен іскерлік қатынастарды (шартты жасаудан) орнатудан бас тартуы бар жазбаша хабарлама;

**"іскерлік қатынастарды орнату туралы хабарлама"** – өтініш берушіге бағытталған және өтінішпен іскерлік қатынастарды белгілеуді растайтын Орталық депозитарийдің жазбаша хабарламасы.

### 2-бап. Осы Қағиданың қолданылу саласын шектеу

1. Осы Қағиданың қолданысы Қағидалар жинағына сәйкес Орталық депозитарий қызметінің шеңберінен тыс туындайтын Орталық депозитарий мен басқа тұлғалар арасындағы іскерлік қатынастарға таралмайды.

2. Осы Қағиданың қолданысы Орталық депозитарий мен мынадай заңды тұлғалар арасындағы іскерлік қатынастарға, соның ішінде осы тұлғаларға Орталық депозитарийдің қызметін көрсетумен байланысты туындайтын іскерлік қатынастарға таралмайды:
  - 1) есепке алу ұйымдарымен;
  - 2) қызмет көрсететін банктермен;
  - 3) сауда-саттықты ұйымдастырушылармен;
  - 4) клирингтік ұйымдармен;
  - 5) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерімен.
3. Орталық депозитарий мен осы баптың 2-тармағында көрсетілген заңды тұлғалар арасындағы іскерлік қатынастарды орнату, қолдау мен тоқтату шарты мен тәртібі қолданылатын заңнама нормаларын, сондай-ақ осы тұлғалардың және Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының, соның ішінде Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" деген ішкі құжатының нормаларын негізге ала отырып жеке тәртіппен анықталады.

### **3-бап. Іскерлік қатынастар мен шарттар туралы негізгі ережелер**

1. Осы Қағидаға сәйкес шарттарды жасау, өзгерту және бұзу арқылы іскерлік қатынастар орнатылады, қолдау көрсетіледі және тоқтатылады.

Бұдан өзге, іскерлік қатынастарға қолдау көрсету осы Қағидамен белгіленген және көзделген міндеттерді Орталық депозитарий мен оның клиентінің орындауы арқылы жүзеге асырылады.
2. Орталық депозитарий мен оның клиенті арасында жасалатын шарт қосылу шарты болып табылады, оның талаптары Қағидалар жинағымен, соның ішінде осы Қағидамен анықталды.

Орталық депозитариймен іскерлік қатынастарға түсуге ниетті тұлға жалпы шартқа қосылу арқылы аталған шартты қабылдауы мүмкін.
3. Орталық депозитарий өзінің клиенттерімен жеке сипатты шарттарды жасамайды, оның талаптары Қағидалар жинағымен анықталған шарттардан ерекшеленеді.

4. Орталық депозитарий әрбір өзінің клиентімен осы клиенттің Орталық депозитарийдің кез келген қызметін алу үшін қажет бір шартты ғана жасайды, қызметтер Қазақстан Республикасы заңнамасына және Қағидалар жинағына сәйкес осы клиентке көрсетілуі мүмкін.

Нақты түрлердегі қызметті Орталық депозитарийдің клиенттеріне көрсету шарттары мен тәртібі Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің тиісінше ішкі құжаттарымен анықталады.

5. Шарттың мәні Орталық депозитарийдің клиентіне көрсететін қызмет болып табылады.

Орталық депозитарийдің қызметін көрсету шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағымен анықталады.

## **2-тарау. ШАРТТЫ ЖАСАУ, ӨЗГЕРТУ, БҰЗУ**

### **§ 1. Шартты жасау**

#### **4-бап. Жалпы ережелер**

1. Шарт жасауға ниетті тұлға Орталық депозитарийге өтініш беруі тиіс.  
Шартты жасаудың растамасы Орталық депозитарийден алған іскерлік қатынастарды орнату туралы хабарлама болып табылады.
2. Орталық депозитарийге өтініш бере отырып, өтініш беруші келесіні растайды:
  - 1) ол шарт талаптарымен танысқан (яғни Қағидалар жинағымен), оның мәнін түсінеді және сөзсіз келіседі;
  - 2) ол Орталық депозитарий алдындағы осы Қағидамен белгіленген және көзделген міндеттерді сөзсіз қабылдайды;
  - 3) ол осы Қағидамен белгіленген және көзделген:  
оның клиенттері алдындағы Орталық депозитарийдің міндеттерімен;  
оның клиентіне қатысты Орталық депозитарийдің құқықтарымен, Орталық депозитарийге қатысты Орталық депозитарий клиентінің құқықтарымен, сондай-ақ осы құқықтарды шектеулермен сөзсіз келіседі;
  - 4) ол осы Қағидамен белгіленген Орталық депозитарийдің жауапкершілігімен, сондай-ақ осы жауапкершіліктің шектеулерімен және ерекшелігімен сөзсіз келіседі.

3. Шарт жасалған, ал Орталық депозитарий мен оның клиенті арасындағы іскерлік қатынастар іскерлік қатынастарды орнату туралы хабарламада көрсетілген күннен бастап, белгіленген болып саналады.
4. Осы параграфқа сәйкес іскерлік қатынастарды орнату туралы өтініш пен хабарламаны ауыстыру шарттың жазбаша нысанына теңестіріледі.

#### **5-бап.           Өтініш**

1. Өтініш Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалады (осы баптың 2-тармағымен белгіленген талаптарды ескеріп).

Орталық депозитарийдің Басқармасы өзінің шешімімен (өзінің шешімдерімен) өтініш берушілердің санаттары жөнінде сараланған өтініш берушілердің түрлі нысандары бойынша бекітілді (мысалы, жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасы резиденттері, Қазақстан Республикасының бейрезиденті).

Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтындағы өтініштің нысанын (нысандарын) жариялайды.

2. Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген өтініштің нысаны осы Қағиданың 4-бабының 2-тармағында келтірілген растаманың мәтіні болады.

#### **6-бап.           Өтініштің қосымшасына жататын құжаттар**

1. Өтініш беруші Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тізбе бойынша құжаттарды өтінішке қосып беруі тиіс. Сондай-ақ көрсетілген тізбеде оған санамаланған құжаттарға қойылатын талаптар болуы мүмкін.

Орталық депозитарий Басқармасы өзінің шешімімен (өздерінің шешімдерімен) өтініш берушілердің санаттары жөнінде сараланған өтінішке қосымшаға жататын құжаттардың түрлі тізбесін бекітуге құқылы (мысалы, жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасы резиденттері, Қазақстан Республикасының бейрезиденті).

Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында өтінішке қосымшаға жататын құжаттардың тізбесін (тізбелерін) жариялайды.

2. Өтінішке қоса берілетін құжаттар қолданылатын заңнамамен, Қағидалар жинағымен және Орталық депозитарийдің Басқармасының шешімімен бекіткен Қағидалар жинағымен және тізбемен белгіленген осындай құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

**7-бап.           Өтінішті қарау**

1. Орталық депозитарий оны қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінішті қарайды (осы баптың 2-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп).
2. Орталық депозитарий өтінішті қарау барысында өтініш беруден осы өтініш берушінің шартты жасау туралы шешім қабылдауға қажет қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Осындай сұрату жағдайында осы баптың 1-тармағымен белгіленген мерзімде Орталық депозитарийдің сұратылған құжаттарды алғанға дейін уақытқа тоқтатыла тұрады.  

Сұратылған құжаттар қолданылатын заңнамамен белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.
3. Орталық депозитарийдің өтініш берушіден өтінішті қабылдау осы өтінішберушімен шарт жасаудың мәндес міндеттемесін жүктемейді.
4. Орталық депозитарий осы Қағиданың 8-бабымен көзделгендерден негіздеме (негіздемелер) бойынша шартты жасауда өтініш берушіден бас тартуға құқылы.
5. Осы баптың 1-тармағымен белгіленген мерзімнің аяқталуы сәтінен кешіктірмей Орталық депозитарий өтініш берушіге іскерлік қатынастарды орнату не дәлелді бас тарту туралы хабарламаны жібереді (тапсырады).

**8-бап.           Орталық депозитарийдің өтінішке сәйкес шартты жасаудан бас тарту үшін негіздемесі**

Орталық депозитарий кез келген келесі негіздемелер бойынша өтінішке сәйкес шартты жасаудан бас тартады:

- 1) өтініш берушімен немесе өтініш беруші жататын санаттағы тұлғалармен іскерлік қатынастарға Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен белгіленген немесе Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінен туындайтын тыйымның болуы;
- 2) өтініштің Орталық депозитарийдің Басқармасының шешімімен бекітілген нысанға сәйкес келмеуі;
- 3) осы Қағиданың 6-бабына сәйкес өтінішке қоса берілген құжаттардың Орталық депозитарийдің Басқармасының шешімімен бекітілген тізбеге сәйкес келмеуі; және/немесе

Орталық депозитарийге осы Қағиданың 7-бабының 2-тармағына сәйкес сұратылған барлық немесе жекелеген құжаттарды ұсынбауы.



- 4) осы Қағиданың 6-бабына сәйкес өтінішке қоса берілген құжаттардың қолданылатын заңнамамен, Қағидалар жинағымен және Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тізбемен белгіленген осындай құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі; және/немесе  
осы Қағиданың 7-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге берілген құжаттардың қолданылатын заңнамамен белгіленген осындай құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;
- 5) өтініш мазмұнының және осы Қағиданың 6-бабына сәйкес өтінішке қоса берілген немесе осы Қағиданың 7-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге берілген құжаттар мазмұнын бір мағынада түсінудің мүмкін болмауы, соның ішінде санамаланғанмен шектелместен, толтыру үшін міндетті толтырылмаған алаңдардың немесе түзетілген жердің, анық емес жазбалардың, өшірілген жердің болуы;
- 6) өтініште және/немесе осы Қағиданың 6-бабына сәйкес өтінішке қоса берілген немесе Орталық депозитарийге осы Қағиданың 7-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге берілген құжаттарда қолтаңбаның (қолтаңбалардың) және/немесе мөр бедерінің өтініш берушінің қолтаңба үлгілері және мөр бедері бар карточкада Орталық депозитарийге берілген үлгіге (үлгілерге) сәйкес келмеуі (осындай сәйкес келу қажет болған жағдайларда);
- 7) осы Қағиданың 6-бабына сәйкес өтінішке қоса берілген немесе осы Қағиданың 7-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге берілген өтініште және/немесе құжаттарда көрсетілген өтініш туралы мәліметтердің Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде не Орталық депозитарийдің қолжетімділігі бар мемлекеттік немесе деректердің өзге базасында өтініш беруші туралы мәліметтерге сәйкес келмеуі;
- 8) бұл ретте Орталық депозитарий өтінішке сәйкес шарт жасауға қабілетті емес өзгеше дәлелді негіздеме бойынша.

## **9-бап. Құжаттарды айырбастау тәсілдері**

1. Өтініш Орталық депозитарийге қағаз тасымалдағыштағы түпнұсқа түрінде беріледі және Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Операциялық құжаттарды қабылдау мен беру қағидасы" деген ішкі құжатының 12-бабының 3-тармағына жататын жеке тұлға жеткізеді.

Орталық депозитарийге өтінішін берудің өзге талаптары клиентке бағдарланған және ақпараттық қауіпсіздік түсінігін негізге ала отырып, Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен (шешімдерімен) анықталады.

2. Осы Қағиданың 6-бабына сәйкес өтінішке қосымшаға жататын құжаттар Орталық депозитарийге өтініш берілген тәсілмен өтінішпен бірге беріледі.

Осы Қағиданың 7-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге берілуге жататын құжаттар өтінішті қарауға жауапты Орталық депозитарий қызметкері көрсетілген тәсілмен беріледі.

3. Іскерлік қатынастарды орнату туралы хабарлама өтініш берушіге өтініш берілген әдіспен жөнелтіледі (тапсырылады). Сондай-ақ Орталық депозитарий өтініште немесе осы Қағиданың 6-бабына сәйкес өтінішке қоса берілген құжаттарда көрсетілген мекенжайға электронды почта бойынша өтініш берушіге осы хабарламаның файлы қосымша жібереді.

4. Дәлелденген бас тарту өтініш берушіге өтініш берілген тәсілмен жөнелтіледі (тапсырылады). Сондай-ақ Орталық депозитарий қосымша өтініште немесе осы Қағиданың 6-бабына сәйкес өтінішке қоса берілген құжаттарда көрсетілген мекенжайға электронды почта бойынша өтініш берушіге дәлелді бас тарту файлы жөнелтеді.

Бұдан өзге, Орталық депозитарий кез келген тәсілмен өтінішке сәйкес шартты жасаудан бас тарту туралы өтініш берушіні Орталық депозитарийге қолжетімді кез келген тәсілмен қосымша хабарлауы мүмкін.

## § 2. Шартты өзгерту

### 10-бап. Жалпы ережелер

1. Шартты өзгерту Қағидалар жинағының құрамын және/немесе мазмұнын өзгерту арқылы өз кезегінде оның талаптарын өзгерту арқылы жүзеге асырылады.
2. Қағидалар жинағының құрамы оған Орталық депозитарийдің ішкі құжатын енгізу немесе одан алып тастау себебі бойынша, соның ішінде Орталық депозитарийдің ішкі құжатының күші жойылуын тану арқылы өзгертіледі.

Қағидалар жинағының мазмұны Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжатына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу себебі не Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжатын бекіту себебі бойынша өзгертіледі.

3. Шарттың талаптарын өзгерту Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарын бекіту үшін, Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу үшін, Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының күші жойылғанын тану үшін Орталық депозитарийдің құрылтай және ішкі құжаттарымен анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **11-бап. Шарттың талаптарын өзгерту туралы хабарлама**

1. Орталық депозитарий Орталық депозитарийдің интернет-сайтында тиісінше жаңалықты жариялау арқылы шарт талаптарын өзгерту туралы өзінің клиенттеріне хабарлайды (осы баптың 2-тармағымен белгіленен талаптарды ескеріп).

Орталық депозитарий қандай да бір санаттағы өзінің барлық клиенттерін оларға тиісінше жеке жазбаша хабарламаларды жіберу арқылы шарт талаптарының өзгергені туралы қосымша хабарлауы мүмкін. Бұл ретте клиенттердің осындай санаты сол бір санатқа жататын клиенттердің мүддесіне осы өзгерістердің тікелей ықпалының критерийі бойынша анықталады, ал жеке жазбаша хабарламалардың іріктелген бағыты.

2. Орталық депозитарий өзінің клиенттерін келесі күн басталғанға дейін 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей шарт талаптарының өзгергені туралы хабарлауы міндетті:
  - 1) Қағидалар жинағының құрамы өзгертілетін күн (мысалы, Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің жаңа ішкі құжаты қолданысқа ену күні не бұрын бекітілген Орталық депозитарийдің ішкі құжаты Қағидалар жинағының құрамы алынып тасталған немесе күші жойылғаны танылған күн);
  - 2) Қағидалар жинағының құрамы өзгертілетін күн (мысалы, Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжатына өзгерістер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілген күн не жаңа редакциядағы Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжаты қолданысқа енгізілген күн).

### § 3. Шартты бұзу

#### 12-бап. Жалпы ережелер

1. Шарт оны бұзу Қазақстан Республикасы заңнамасымен жол берілетін жағдайда ғана бұзылуы мүмкін.
2. Шарт оны бұзу сәтінде Орталық депозитарийде және оның клиентінде Қазақстан Республикасы заңнамасына және Қағидалар жинағына сәйкес туындаған бір-бірінің алдында орындамған міндеттері жоқ болуы шартымен ғана бұзылуы мүмкін (біржақты тәртіппен Орталық депозитарийдің бастамасы бойынша шарт бұзылған жағдайды қоспағанда).

#### 13-бап. Шартты бұзу үшін негіздемелер

Шартты бұзу Қазақстан Республикасы заңнамасымен жол берілетін жағдайларда, ол мына негіздемелердің бірі бойынша бұзылуы мүмкін:

- 1) Орталық депозитарийдің және өзінің клиентінің өзара келісімі бойынша, соның ішінде шартты бұзу сәтіне өзара шағымдар болмаған кезде шарттың өзгеруімен байланысты Орталық депозитарий клиентінің келіспеуімен байланысты;
- 2) Орталық депозитарийдің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен белгіленген немесе Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінен туындайтын өзінің клиентімен немесе Орталық депозитарийдің клиенті жататын санаттағы тұлғалармен Орталық депозитарийдің іскерлік қатынастарға енуіне тыйымның (Орталық депозитарийдің іскерлік қатынастарды қолдауға) туындауымен (анықтауымен) байланысты;
- 3) Орталық депозитарийдің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен Орталық депозитарий ұсынған белгіленген төлем мерзімі аяқталған күннен бастап 12 айдың аяқталуына байланысты, бірақ өзінің клиенттің Орталық депозитарийдің қызметінің (қызметтерінің) шотының төленбегені.

#### 14-бап. Шартты бұзу тәртібі

1. Орталық депозитарийдің және оның клиентінің өзара келісімі бойынша шартты бұзу тиісінше еркін нысанда жасалған тиісінше жазбаша хабарламаларды айырбастау арқылы жүзеге асырылады.

2. Орталық депозитарийдің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен шартты бұзу осындай шартты бұзу күніне дейін 30 күннен кешіктірмей шартты алдағы бұзу туралы хабарламаны Орталық депозитарийдің клиентіне жөнелту (тапсыру) арқылы жүзеге асырылады.

Орталық депозитарийдің шартты алдағы бұзу туралы хабарламасы Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" атты ішкі құжатына сәйкес Орталық депозитариймен өзара әрекет жасау үшін осы клиентпен пайдаланатын бір немесе бірнеше әдіспен Орталық депозитарийдің клиентіне жөнелтіледі (тапсырылады). Сондай-ақ Орталық депозитарий осы клиенттің досьесінде көрсетілген мекенжайға электронды почта бойынша осы клиентке осы хабарламаның файлыны қосымша жөнелтеді.

Бұдан өзге, Орталық депозитарий Орталық депозитарийге қолжетімді кез келген тәсілмен шартты алдағы бұзу туралы өзінің клиентін қосымша хабарлауы мүмкін.

### **3-тарау. ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЛИЕНТІНІҢ МІНДЕТТЕРІ, ҚҰҚЫҚТАРЫ, ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

#### **§ 1. Орталық депозитарийдің және оның клиентінің міндеттері**

##### **15-бап. Орталық депозитарийдің міндеттері**

1. Орталық депозитарий өзінің клиенті алдындағы мынадай міндеттерді көтереді:
  - 1) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағына сәйкес қызметті өзінің клиентіне тиісінше тәсілмен көрсетуге;
  - 2) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағына сәйкес есептік құжаттарды өзінің клиентіне беруге;
  - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағымен, соның ішінде осы Қағидалармен белгіленген шарттарды және талаптарды сақтауға;
  - 4) Орталық депозитарий үшін Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағымен, соның ішінде осы Қағидалармен белгіленген міндеттерді тиісінше тәсілмен орындауға.
2. Оның клиенті алдындағы Орталық депозитарийдің өзге міндеттері Қазақстан Республикасы заңнамасымен немесе оған сәйкес анықталады.

**16-бап. Орталық депозитарий клиентінің міндеттері**

1. Орталық депозитарийдің клиенті Орталық депозитарий алдындағы мынадай міндеттерді көтереді:
  - 1) Қағидалар жинағына сәйкес Орталық депозитарийдің қызметін төлеуге;
  - 2) оның өзгергені туралы Орталық депозитарийдің клиенті осы Қағиданың 11-бабына сәйкес хабарланған шарттың талаптарын зерделеуге;
  - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағымен, соның ішінде және осы Қағидалармен белгіленген шарттарды және талаптарды сақтауға;
  - 4) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағымен, соның ішінде осы Қағидалармен Орталық депозитарийдің клиенті үшін белгіленген міндеттерді тиісінше тәсілмен орындауға.
2. Орталық депозитарий алдындағы Орталық депозитарий клиентінің өзге міндеттері Қазақстан Республикасы заңнамасымен немесе оған сәйкес белгіленеді.

**§ 2. Орталық депозитарийдің және оның клиентінің құқықтары**

**17-бап. Орталық депозитарийдің жалпы құқықтары**

Орталық депозитарий өзінің клиентіне қатысты мынадай жалпы құқықтарға ие:

- 1) Қағидалар жинағына сәйкес көрсетілген қызмет үшін өзінің клиентінен төлем алуға;
- 2) Қағидалар жинағымен белгіленген жағдайларда және Қағидалар жинағымен анықталған тәртіппен өзінің клиентіне қызметті көрсетуден немесе өзінің клиентіне қызметті көрсетуден бас тартуға;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалармен белгіленген өзге құқықтарымен.

## **18-бап. Орталық депозитарийдің ерекше құқықтары**

1. Орталық депозитарий өзінің клиентіне қатысты ерекше құқықтарды иеленеді:
  - 1) егер осы қызметті көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасын, ең алдымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықпен бетпе-бет келгенде, өзінің клиентіне сұралған немесе талап етілген қызметті көрсетуге;
  - 2) қаржы нарығындағы өзінің қызметін жүзеге асыру үшін, сондай-ақ Орталық депозитарийге Қазақстан Республикасы заңнамасымен жүктелген функцияларды, жүзеге асыру, тапсырманы орындау және міндеттерді атқару үшін өзінің клиенті мен оның қызметі туралы, соның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағымен сәйкес алынған ақпаратты алмастан және шектеусіз пайдалануға;
  - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған және талаптарда және Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған тәртіппен өзінің клиенті және оның қызметі туралы, соның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасына және Қағидалар жинағына сәйкес алынған ақпаратты таратуға (әйгілеуге, жариялауға, беруге);
  - 4) Орталық депозитарийдің қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға осы аудитті жүргізу мақсаты үшін қажет өзінің клиенті мен оның қызметі туралы ақпаратты беруге;
  - 5) егер осы ақпаратты Орталық депозитарий ашық көздерден алса, өзінің клиенті мен оның қызметі туралы кез келген ақпаратты ашуға (мысалы бұқаралық ақпарат құралынан немесе әлеуметтік желілерден).
2. Осы баптың 1-тармағымен белгіленген Орталық депозитарийдің ерекше құқықтары Орталық депозитарийде келесі бар немесе Орталық депозитарийге қолжетімді ақпаратқа таралады:
  - 1) бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын Орталық депозитарийдің клиенті және оның қызметі туралы ақпаратқа;
  - 2) осы клиенттің Орталық депозитарийге құпия ретінде жариялаған Орталық депозитарийдің клиенті және оның қызметі туралы ақпаратқа;

- 3) клиенттің қызметтік немесе коммерциялық құпиясын құрайтын ақпарат ретінде осы клиенттің Орталық депозитарийге құпия ретінде жариялаған Орталық депозитарийдің және оның қызметі туралы ақпаратқа;
- 4) Орталық депозитарийдің клиенттері мен клиенттерінің өкілдері – жеке тұлғалардың дербес деректері білдіретін ақпаратқа (дербес деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген шарттарды, талаптарды және ерекшеліктерді ескеріп).

#### **19-бап. Орталық депозитарийдің құқықтарын шектеу**

1. Егер осы Қағиданың 18-бабынан өзге ештеңе туындамаса, Орталық депозитарий құқылы емес:
  - 1) Орталық депозитарий үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қағидалар жинағымен (Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында қарастырылғандарды қоспағанда) белгіленген міндеттерді басқа тұлғаларға орындауға беруге;
  - 2) егер осы қызметті көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасын, ең алдымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықпен бетпе-бет келгенде, өзінің клиентіне сұралған немесе талап етілген қызметті көрсетуге;
  - 3) оған Орталық депозитарийдің жеке мүддеге немесе үшінші тұлғалар мүддесіне мүмкіндігі бар өзінің клиентінің мүмкіндігін пайдалануға (Орталық депозитарий клиенті мұндай пайдалануға рұқсат берген жағдайды қоспағанда);
  - 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын және олардың іс-әрекеті Орталық депозитарийге осы клиенттің инсайдері ретінде таратылатын өзінің клиентінің ішкі құжаттарын бұзатын, сондай-ақ Орталық депозитарий осы клиенттің инсайдері ретінде өзіне қабылдаған міндеттемені бұзатын іс-әрекеттерді жасауға;
  - 5) Орталық депозитарийде бар немесе Орталық депозитарийге қолжетімді өзінің клиенті және оның қызметі туралы төмендегідей ақпаратты таратуға (әйгілеуге, жариялауға, беруге):

бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын;

Орталық депозитарийдің аталған клиентіне құпия ретінде жарияланған;



Орталық депозитарийдің аталған клиентіне осы клиенттің қызметтік немесе коммерциялық құпиясын құрайтын ақпарат ретінде жарияланған.

2. Оның клиентіне қатысты Орталық депозитарий құқықтарының өзге шектеулері Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағымен белгіленеді.

#### **20-бап. Орталық депозитарий клиентінің құқықтары**

Орталық депозитарий клиенті Орталық депозитарийге қатысты төмендегідей құқықтарға ие:

- 1) Орталық депозитарийден Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қағидалар жинағына сәйкес есептік құжаттарды сұратуға (талап етуге) және одан қызметтерді алуға;
- 2) Орталық депозитарий осы Қағидада белгіленген және қарастырылған міндеттемелерді тиісті орындамаған жағдайда, өзінің құқықтары мен заңдық мүдделерін қорғау үшін сот және өзге мемлекеттік органдарға жүгінуге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында белгіленген өзге құқықтарға.

#### **21-бап. Орталық депозитарий клиентінің құқықтарын шектеулер**

1. Орталық депозитарий клиенті құқылы емес:
  - 1) Орталық депозитарий клиенті үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қағидалар жинағымен (Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында қарастырылғандарды қоспағанда) белгіленген міндеттерді орындауды басқа тұлғаларға беруге;
  - 2) Орталық депозитарийдің клиентіне белгілі болған Орталық депозитарий және Орталық депозитарий осы клиентке құпия ретінде және/немесе Орталық депозитарийдің қызметтік немесе коммерциялық құпиясын құрайтын ақпарат ретінде жариялаған оның қызметі туралы ақпаратты таратуға (әйгілеуге, жариялауға, беруге).
2. Орталық депозитарий клиентінің құқықтарын өзге шектеулер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қағидалар жинағымен белгіленеді.

### § 3. Орталық депозитарийдің және оның клиентінің жауапкершілігі

#### 22-бап. Орталық депозитарийдің жауапкершілігі

Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында белгіленген өзінің міндеттемелерін орындамағаны және тиісті орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қағидалар жинағына сәйкес (осы Қағиданың 23-бабында қарастырылған шектеулер мен ерекшеліктерді ескере отырып) жауапкершілік көтереді.

#### 23-бап. Орталық депозитарийдің жауапкершілігін шектеулер мен ерекшеліктері

1. Орталық депозитарий егер бұл орындамау (тиісті орындамау) төмендегілердің себебінен болса, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында белгіленген өзінің міндеттемелерін орындамағаны және тиісті орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді:
  - 1) Орталық депозитарийдің оның клиентінен алған ақпараттың толық еместігі және/немесе анық еместігі және/немесе дұрыс еместігі және/немесе ескіргендігі, сондай-ақ Орталық депозитарий клиентінің Орталық депозитарийге беруге жататын ақпаратты олардың бұрмалауы немесе жасыруы;
  - 2) Орталық депозитарий клиенті осы Қағидада белгіленген және қарастырылған өзінің міндеттемелерін орындамағанда немесе тиісті орындамағанда;
  - 3) Орталық депозитарийде Орталық депозитарийдің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында белгіленген өзінің міндеттемелерін тиісті орындауы үшін қажетті оның клиентінің және/немесе үшінші тұлғаның ақпаратына рұқсаты болмағанда;
  - 4) Орталық депозитарийдің немесе оған қызмет көрсетуші банктің есепке алу ұйымының жұмысын уақытша тоқтауы немесе толықтай тоқтауы;
  - 5) Орталық депозитарий Қағидалар жинағына сәйкес қызметтерді жүзеге асырған кезде пайдаланатын қандай да бір сыртқы (бөгде) төлем жүйелерінің, ақпараттарды (хабарламаларды) тарату жүйесінің, байланыс жүйесінің жұмысындағы кідіріс;
  - 6) Орталық депозитарий клиентінің және/немесе Орталық депозитарий клиенті қызметкерінің құқыққа қайшы әрекетінен;
  - 7) үшінші тұлғаның Орталық депозитарийге әсер ету аймағынан тыс құқыққа қайшы әрекетінен.

2. Орталық депозитарий сонымен қатар, егер бұл орындамау (тиісті орындамау) төмендегідей түсінілетін бір немесе бірнеше еңсерілмейтін күш жағдайларының туындау себебінен болса, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында белгіленген өзінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін жауапкершілік көтереді:
  - 1) табиғи бүлдіруші құбылыстар және катаклизмдер, өрт, індет;
  - 2) Орталық депозитарийдің және Орталық депозитарийге оның қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсететін ұйымдарға әсер ету аймағынан тыс факторлардың әсер ету себебінің себебінен болған техногендік апаттар;
  - 3) соғыс, кез келген сипаттағы әскери қимылдар, бүліктер, лаңкестік актілер, жаппай тәртіпсіздіктер, қоғамдық толқулар, Орталық депозитарийдің жұмысын уақытша тоқтатуға немесе толық тоқтауына әкелетін мемлекеттік билік пен басқармалардың және олардың лауазымды тұлғаларының әрекеттері мен шешімдері;
  - 4) Орталық депозитарий болжай алмайтын және тоқтата алмайтын және Орталық депозитарийдің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында белгіленген оның міндеттемелерін орындауға тікелей кері әсер ететін Орталық депозитарийдің әрекеті мен еркіне байланысты емес өзге төтенше жағдайлар.
3. Егер Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында белгіленген өзінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда, Орталық депозитарийдің ақпараттық жүйесінің жұмысындағы іркілістер себебі болып табылады, ол Орталық депозитарий клиентіне онда жіберілген пайданы қайтармайды және осы іркілістер нәтижесінде аталған клиентке келтірілген нақты залал үшін және тек осы іркілістің себебінен нақты көрсетілмеген қызметті көрсеткені үшін Орталық депозитарийге келтірілуі мүмкін сома шегінде ғана жауапкершілік көтереді.

**24-бап. Орталық депозитарий клиентінің жауапкершілігі**

1. Орталық депозитарий клиенті Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қағидалар жинағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында белгіленген өзінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін жауапкершілік көтереді (осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).

2. Орталық депозитарий клиентіне төмендегілердің салдары үшін барлық жауапкершілік жүктеледі:
  - 1) аталған клиенттің осы Қағидада белгіленген және қарастырылған міндеттерді бұзудың;
  - 2) Орталық депозитарийдің аталған клиенттен алған ақпараттың толық еместігі және/немесе анық еместігі және/немесе дұрыс еместігі және/немесе ескіргендігі, сондай-ақ Орталық депозитарий клиентінің Орталық депозитарийге беруге жататын ақпаратты олардың бұрмалауы немесе жасыруы;
  - 3) аталған клиенттің және/немесе аталған клиент қызметкерінің құқыққа қайшы әрекетінің;
  - 4) үшінші тұлғаның Орталық депозитарийге әсер ету аймағынан тыс құқыққа қайшы әрекетінің.
3. Орталық депозитарий клиенті Орталық депозитарий ұсынған оның қызметіне (қызметтеріне) төлем шотын уақытында төлемеген жағдайда, аталған клиент Орталық депозитарий алдында Орталық депозитарий пайдасына төлеуге жататын және осы шоттың төленбеген сомасының көбейтіндісі ретінде осы шотты төлеуді кешіктірудің әрбір күні үшін есептелетін және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы шотты нақты төлеу күні белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 1,5-еселік мөлшерінде тұрақсыздық айыбы (өсімпұл) түрінде жауапкершілік көтереді.

Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеу Орталық депозитарий клиентін оны (оларды) төлемеуге байланысты осы тұрақсыздық айыбы есептелген Орталық депозитарийдің қызметін (қызметтерін) төлеу міндеттемесінен босатпайды.

#### **4-тарау. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР**

##### **25-бап. Іскерлік қатынастарды қолдау кезінде пайдаланылатын Орталық депозитарий туралы мәліметтерді өзекті ету**

1. Орталық депозитарий өзінің клиенттеріне іскерлік қатынастарды қолдау кезінде пайдаланылатын өзі туралы келесідей мәліметтерді (бұдан әрі осы бапта – маңызды мәліметтер) хабарлауға міндетті:
  - 1) Орталық депозитарийдің ұйымдық-құқықтық нысаны мен атауы туралы мәліметті;
  - 2) Орталық депозитарийді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметті;
  - 3) Орталық депозитарийдің бизнес-сәйкестендіру нөмірін;
  - 4) Орталық депозитарий Басқармасының құрамы туралы мәліметті;

- 5) Орталық депозитарийдің орналасқан жері (заңды мекенжайы) туралы, Орталық депозитарийдің нақты мекенжайы туралы (егер мұндай Орталық депозитарийдің заңды мекенжайынан ерекшеленсе), Орталық депозитарийдің почталық мекенжайы (егер мұндай Орталық депозитарийдің заңды немесе нақты мекенжайынан ерекшеленсе), Орталық депозитарийдің фронт-офисінің мекенжайы туралы (егер мұндай Орталық депозитарийдің нақты мекенжайынан ерекшеленсе) мәліметтерді;
  - 6) оның клиенттерінің пайдалануына арналған Орталық депозитарийдің байланыс деректерін (стационарлық жұмыс телефондарының байланыс деректері, жұмыс факстерінің байланыс деректері, Орталық депозитарийдің электронды почтасының байланыс мекенжайлары, Орталық депозитарийдің өзге ықтимал байланыс деректері);
  - 7) Орталық депозитарийдің интернет-сайтының домендік атауын;
  - 8) оның клиенттерінің пайдалануына арналған Орталық депозитарийдің банктік деректемелері туралы мәліметтерді.
2. Орталық депозитарий өзінің клиенттеріне Орталық депозитарийдің интернет-сайтына тиісті жаңалықтарды жариялау арқылы маңызды мәліметтердің өзгергені туралы хабарлайды (осы баптың 3-тармағында белгіленген талаптарды ескере отырып).

Орталық депозитарий осы өзгерістер туралы оларға тиісті жеке жазбаша хабарлама жіберу арқылы маңызды мәліметтердің өзгергені туралы қандай да бір санаттағы өзінің барлық клиенттеріне қосымша хабарлауы мүмкін. Бұл ретте клиенттердің мұндай санаты осы өзгерістердің бір санатқа қатысты клиенттердің мүддесіне тікелей әсер ету критерийі бойынша анықталады, ал осы өзгерістер туралы бір санаттағы клиенттерге жеке жазбаша хабарламаны таңдамалы жіберуге тыйым салынады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1)–4) тармақшаларында көзделген қатардағы маңызды мәліметтердің өзгергені туралы жаңалық осы өзгеріс күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийдің интернет-сайында жариялануы тиіс.

Осы баптың 1-тармағының 5)–8) тармақшаларында көзделген қатардағы маңызды мәліметтердің өзгергені туралы жаңалық осы өзгеріс күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Орталық депозитарийдің интернет-сайында жариялануы тиіс.

**26-бап. Іскерлік қатынастарды қолдау кезінде пайдаланылатын Орталық депозитарий клиенті туралы мәліметтерді өзекті ету**

1. Орталық депозитарий клиенті Орталық депозитарийге қажеттілік кезінде бұрын берілгендердің орнына немесе бұрын берілгендерге қосымша ретінде жаңа құжаттарды қоса беру арқылы іскерлік қатынастарды қолдау кезінде пайдаланылатын өзі туралы келесідей мәліметтердің (бұдан әрі осы бапта – маңызды мәліметтер) өзгергені туралы хабарлама беруге міндетті:
  - 1) өтініште болатын мәліметтерді;
  - 2) осы Қағиданың 6-бабына сәйкес өтінішке қоса берілетін құжатта болатын мәліметтерді;
  - 3) осы Қағиданың 7-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге берілген құжаттарда болатын мәліметтерді.
2. Орталық депозитарий клиентіне маңызды мәліметтер туралы хабарлама (бұдан әрі осы бапта – хабарлама) ерікті түрде жасалады (осы тармақтың екінші абзацында белгіленгенді қоспағанда).

Егер осы баптың 3-тармағына сәйкес Орталық депозитарий Басқармасы хабарлама нысанын бекіткен жағдайда, ол Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген нысан бойынша жасауға жатады.
3. Орталық депозитарий Басқармасы хабарлама нысанын бекіту туралы шешім қабылдауға құқылы. Бұл ретте Орталық депозитарий Басқармасы өзінің шешімімен (өзінің шешімдерімен) Орталық депозитарий клиенттерінің санаттары бойынша (мысалы, жеке тұлға, заңды тұлға, Қазақстан Республикасының резиденттері, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері) және/немесе өзге критерийлер бойынша сараланған хабарламаның әртүрлі нысандарын бекітуге құқылы.

Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында хабарлама нысанын (нысандарын) жариялайды.
4. Егер хабарламаны барынша ерте беру мерзімі маңызды мәліметтердің өзгеру сипатына және хабарламаны уақытында жібермеудің ықтимал салдарларына сәйкес тиісінше талап етілмесе, Орталық депозитарий клиенті Орталық депозитарийге осы өзгеріс күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге хабарлама беруге міндетті (осы Қағиданың 31-бабының 3-тармағынан туындайтын ерекшеліктерді ескере отырып).

- Егер хабарламаны берудің өзге әдістері Орталық депозитарий Басқармасында анықталмаса, Орталық депозитарий клиенті Орталық депозитарийге хабарламаны Қағидалар жинағына кіретін "Операциялық құжаттарды қабылдау мен беру қағидасы" Орталық депозитарийдің ішкі құжатына сәйкес Орталық депозитариймен өзара іс-әрекет ету үшін аталған клиент пайдаланатын бір немесе бірнеше әдістермен береді (жеткізеді). Орталық депозитарий клиенті сонымен қатар Орталық депозитарийге хабарлама файлы қосымша мекенжай хабарламасына арналған электронды почта бойынша жібере алады.

**27-бап. Шарттың қолданылу мерзімі**

Шарт күшіне осы Қағиданың 4-бабының 3-тармағына сәйкес оны жасаған сәттен бастап енеді және мерзімсіз немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы шартты бұзуға жол берген жағдайда – осы Қағиданың 2-тарауының 3 параграфына сәйкес оны бұзғанға дейін қолданылады.

**28-бап. Шарт бойынша қызмет көрсетуді тоқтата тұру мен жаңарту**

- Шарт бойынша қызмет көрсету Қағидалар жинағында белгіленген жағдайда және Қағидалар жинағында анықталған тәртіппен толықтай немесе ішінара тоқтатылады немесе тоқтатылуы мүмкін.

Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес тоқтатылған шарт бойынша қызмет көрсету Қағидалар жинағында анықталған талаппен және онда белгіленген тәртіппен жаңартылады.

- Шарт бойынша қызмет көрсету сондай-ақ шарт бойынша қызмет көрсетуді тоқтату кезінде өзара талап болмаған кезде Орталық депозитарийдің және оның клиентінің өзара келісімі бойынша толықтай немесе ішінара тоқтатылуы мүмкін.

Шарт бойынша қызмет көрсетуді Орталық депозитарийдің және оның клиентінің өзара келісімі бойынша тоқтату ерікті нысанда жасалған тиісті жазбаша хабарландырулар алмасу жолымен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес тоқтатылған шарт бойынша қызмет көрсету Орталық депозитарийдің және оның клиентінің сол немесе басқа өзара келісімімен анықталған талаппен және осы келісіммен анықталған тәртіппен жаңартылады.

- Шарт бойынша қызмет көрсетуді тоқтату Орталық депозитарийді және оның клиентін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қағидалар жинағына сәйкес шарт бойынша қызмет көрсетуді тоқтатқанға дейін туындаған міндеттерді орындаудан босатпайды.

**29-бап. Дауларды шешу тәртібі**

1. Орталық депозитарий мен оның клиенті арасында туындаған шарт бойынша даулар мен келіспеушіліктер бірінші кезекте шарттағы тараптардың мүдделерін ескере отырып, соттан тыс тәртіппен реттеуге жатады.
2. Егер Орталық депозитарий мен оның клиенті арасында туындаған шарт бойынша даулар мен келіспеушіліктерді реттеу барысында олар тараптар үшін қолайлы соттан тыс тәртіппен шешуге қол жеткізе алмаған жағдайда, мұндай дау (мұндай келіспеушілік) Орталық депозитарийдің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотта шешіледі.

**30-бап. Қорытынды ережелер**

1. Осы Қағидамен анықталмаған мәселелерді реттеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге жатады.
2. Егер осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасымен қолданысқа енгізілгеннен кейін осы Қағиданың нормасынан ерекшеленетін ережелер анықталса, Орталық депозитарий осы ережелерді басшылыққа алатын болады.

**31-бап. Өтпелі ережелер**

1. Осы Қағиданы қолданысқа енгізу Қағидалар жинағының құрамына кіретін (кірген) Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес Орталық депозитарий мен оның клиенттерінің арасында бұрын жасалған шарттардың қолданылуының тоқтауына әкелмейді. Мұндай шарттардың қолданылуы Қағидалар жинағында, оның ішінде осы Қағидада анықталған талаптармен жалғастырылады деп саналады (осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып және осы баптың 4-тармағында қарастырылғандарды қоспағанда).
2. Осы Қағиданың қолданысқа енгізілуімен "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ мен оның клиенттерінің арасында бұрын жасалған шарттар бойынша іскерлік қатынастар Қағидалар жинағында, оның ішінде осы Қағидада анықталған талаптармен Орталық депозитариймен жалғасады деп саналады (осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып және осы баптың 4-тармағында қарастырылғандарды қоспағанда).



3. Іскерлік қатынастарды қолдау кезінде пайдаланылатын өзі туралы мәліметтерді өзекті ету үшін Орталық депозитарий клиенті (оның ішінде бұрын "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ клиенті болып табылатын) бірінші рет, осы Қағида қолданысқа енгізілгеннен кейін қызметтер алу үшін Орталық депозитарийге өзінің өтінішінде Орталық депозитарийге осы мәліметтердің өзгергені туралы хабарлама беруі тиіс.

Көзделген хабарлама осы Қағиданың 26-бабында белгіленген тәртіппен беріледі.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы шартты бұзуға жол берген жағдайда, осы Қағиданы қолданысқа енгізуге байланысты Орталық депозитариймен іскерлік қатынасты жалғастыруға ниетті емес тұлға Орталық депозитарийге ерікті нысанда жасалған оларды тоқтату туралы өтініш беруі тиіс.

Президент

Б.Х. Капышев